

Қалалық мәслихаттың 2013 жылғы 12 желтоқсандағы № 16/152 "2014-2016 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы мәслихатының 2014 жылғы 11 қыркүйектегі № 24/218 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 қыркүйекте № 2497 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң

е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына және Маңғыстау облыстық мәслихатының 2014 жылғы 5 қыркүйектегі № 19/292 «2014-2016 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 13/188 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 12 қыркүйектегі № 2494 болып тіркелген) сәйкес, Ақтау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ**
Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

Қалалық мәслихаттың 2013 жылғы 12 желтоқсандағы № 16/152 «2014-2016 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2327 болып тіркелген, 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 208-209 «Маңғыстау» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер е н г і з і л с і н :

Көрсетілген шешімнің 1 тармағы келесі мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2014-2016 жылдарға арналған қалалық бюджет қосымшаға сәйкес, соның ішінде 2014 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 20 168 613,4 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер бойынша – 14 604 878,4 мың теңге;
салықтық емес түсімдер бойынша – 204 122 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 683 383 мың теңге;
трансферттер түсімі бойынша – 4 676 230 мың теңге;

2) шығындар – 20 713 466,1 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 4 290 500 мың теңге, соның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 4 290 500 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 67 000 мың теңге, соның і ш і н д е :

қаржы активтерін сатып алу – 67 000 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – 4 902 352,7 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 4 902 352,7 мың
теңге, соның ішінде:
қарыздар түсімі – 3 537 500 мың теңге;
қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1 364 852,7 мың теңге».

2 тармақта екінші, үшінші абзацтар жаңа редакцияда жазылсын:
«төлем көзінен ұсталатын кірістен алынатын жеке табыс салығы – 23,2 пайыз;
әлеуметтік салық – 23,3 пайыз;».

4 тармақта үшінші, сегізінші, оныншы, он төртінші абзацтар жаңа редакцияда
жазылсын:

«6 653 мың теңге – негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік
мекемелердегі химия, физика және биология кабинеттерін жабдықтармен
жарықтандыруға;

12 373 мың теңге - Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде жұмыспен қамту
орталығының қызметін қамтамасыз етуге;

39 853 мың теңге - Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және
ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыруға;

271 016 мың теңге – мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер болып
табылмайтын жұмыскерлерінің, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден
қаржыландырылатын мемлекеттік кәсіпорындардың жұмыскерлерінің лауазымдық
айлықақысына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемақы төлеуге.».

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа
редакцияда жазылсын.

3. Ақтау қалалық мәслихаты аппаратының басшысы (Д.Телегенова) осы шешім
Маңғыстау облыстық әділет департаментінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, «Әділет»
ақпараттық-құқықтық жүйесінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың экономика және
бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (С.Кутепов) жүктелсін.

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне
енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң
қолданысқа енгізіледі, 2014 жылдың 1 қаңтарынан басталатын қатынастарға қатысты
таралады.

Сессия төрағасы

М. Сауғабаев
Қалалық мәслихат

« К Е Л І С І Л Д І »
« Ақтау қалалық экономика және
бюджеттік жоспарлау бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің басшысы
А . К и м

2014 жыл 11 қыркүйек

Ақтау қалалық мәслихатының
2014 жылғы 11 қыркүйек
№ 24 / 218 шешіміне
қ о с ы м ш а

2014 жылға арналған Ақтау қаласының бюджеті

Санаты			Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		
		Ішкі сыныбы	
		Атауы	
		1. КІРІСТЕР	20 168 613,4
1		Салықтық түсімдер	14 604 878,4
	01	Табыс салығы	5 147 734,4
		2 Жеке табыс салығы	5 147 734,4
	03	Әлеуметтік салық	4 986 956
		1 Әлеуметтік салық	4 986 956
	04	Меншікке салынатын салықтар	3 557 415
		1 Мүлікке салынатын салықтар	2 411 774
		3 Жер салығы	280 617
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	864 983
		5 Бірыңғай жер салығы	41
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	511 253
		2 Акциздер	34 600
		3 Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	220 923
		4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	214 830

	5	Ойын бизнесіне салық	40 900
08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	401 520
	1	Мемлекеттік баж	401 520
2		Салықтық емес түсімдер	204 122
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	14 298
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	4
	5	Мемлекеттік меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	14 294
02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	509
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	509
03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	215
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	215
04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	160 800
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	160 800
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	28 300
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	28 300
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	683 383
01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	139 000
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	139 000
03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	544 383
	1	Жерді сату	528 383
	2	Материалдық емес активтерді сату	16 000
4		Трансферттердің түсімдері	4 676 230
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4 676 230
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	4 676 230

Функционалдық топ			Сомасы, мың тенге
	Бюджеттік бағдарлама әкімшілігі		
	Бағдарлама		
	Атауы		
		2. ШЫҒЫНДАР	20 713 466,1
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	173 430
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	19 658
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	19 598
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	60
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	94 225
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	93 449
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	776
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	18 126
		001 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18 126
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	28 947
		001 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20 338
		003 Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	4 711
		011 Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	3 538
		018 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	360
	453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	12 474
		001 Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 979
		004 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	495
02		Қорғаныс	25 846
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	25 846
		005 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	23 346
		006 Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	2 500
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	58 533

	485	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	37 519
	021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	37 519
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	21 014
	066	Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік объектілерін салу	21 014
04		Білім беру	9 099 801
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	18 085
	005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	18 085
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	8 798 861
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	24 821
	003	Жалпы білім беру	4 529 884
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	130 790
	006	Балаларға қосымша білім беру	294 766
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	20 257
	009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	1 647 705
	012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 000
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі	41 980
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	669 121
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 435 537
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	282 855
	037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	282 855
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	856 358
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	581
	003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	581
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	844 044
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	54 435
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	88 319
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	48 838

	006	Тұрғын үйге көмек көрсету	24 810
	007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	437 041
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	6 750
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	2 368
	013	Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу	49 272
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	85 714
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	10 100
	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	32 051
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	4 346
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	10 595
	008	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау	10 595
485		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 138
	050	Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	1 138
07		Тұрғын үй -коммуналдық шаруашылық	6 384 219
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	28 237
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	5 213
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	12 044
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	6 552
	027	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	4 428
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	4 651 696
	003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	400 399
	004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	2 975 588
	005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	26 104
	006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	1 239 605
	007	Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту	10 000

487		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекция бөлімі	1 704 286
	001	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй қоры саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	51 019
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	700
	005	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақталуды ұйымдастыру	54
	006	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	157 196
	010	Кондоминиум объектілеріне техникалық паспорттар дайындау	13 366
	017	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	341 843
	025	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	164 286
	026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	40 000
	030	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	864 030
	031	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	12 867
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	58 925
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	884 754
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 500
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	1 500
	028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру – сауықтыру және спорттық іс-шараларды іске асыру	1 000
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	718 098
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 308
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	203 897
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	31 010
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	5 000
	009	Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін сақтауды және оларға қол жетімділікті қамтамасыз ету	15 000
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	453 883
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	117 173
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22 871

	002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	4 280
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	74 765
	005	Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	15 257
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	40 983
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 878
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	17 470
	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	11 635
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	6 000
	008	Спорт объектілерін дамыту	6 000
09		Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	1 097 364
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	1 097 364
	009	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	926 903
	036	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	170 461
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	31 658
453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	260
	099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	260
475		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	12 223
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	5 144
	012	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	6 130
	013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	949
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	19 175
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19 175
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	112 067
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	25 358
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	24 783
	017	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	575

468		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	86 709
	001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21 183
	003	Аудан аумағында қала құрылысының даму схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	63 526
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 000
12		Көлік және коммуникация	778 187
485		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	778 187
	001	Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19 449
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	994
	022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	390 891
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	311 278
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	55 575
13		Басқалар	1 061 646
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	17 100
	040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	17 100
475		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	28 746
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, ауыл шаруашылығы мен ветеринарияны дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18 806
	014	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	9 940
452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	20 000
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	20 000
453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	5 800
	003	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оған сараптама жүргізу	5 800
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	340 000
	077	"Өңірлерді дамыту" бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымын дамыту	340 000
487		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекция бөлімі	650 000
	060	Мамандандырылған уәкілетті ұйымдардың жарғылық капиталдарын ұлғайту	650 000

15		Трансферттер	149 603,1
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	149 603,1
	006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	149 603,1
		3. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕУ	4 290 500
		Бюджеттік кредиттер	4 290 500
07		Тұрғын үй -коммуналдық шаруашылық	4 290 500
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	4 290 500
	003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	4 290 500
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО	67 000
		Қаржы активтерін сатып алу	67 000
13		Өзгелер	67 000
	487	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекция бөлімі	67 000
	065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	67 000
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТІ)	-4 902 352,7
		6. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ (ПРОФИЦИТІН ПАЙДАЛАНУ)	4 902 352,7
		Қарыздар түсімі	3 537 500
		Қарыздарды өтеу	0
		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1 364 852,7